



«ЖІГІТ СҰЛТАНЫ – 2019»

Қостанай құрылыс колледжінде алғаш рет «Жігіт сұлтаны – 2019» байқауы өтті. Дүбірлі додада қаламыздағы білім ошақтарынан іріктелген білекті де білімді 7 жігіт бақ сынады. Олар күш сынасты, өнерлерін көрсетті әрі қазақ тілінің мәртебесін асқақтатты.

3 бет



ПОД НЕБОМ ВДОХНОВЕНИЯ

В Костанай Региональным центром психологической поддержки и дополнительного образования УО АКО проведён областной фестиваль «Детство без границ» среди воспитанников интернатных, коррекционных организаций. На этой неделе состоялся гала-концерт и подведение итогов фестиваля.

стр. 13

«Рухани жаңғыру» қазақ әдебиеті сабағында

Бәсекеге қабілеттілік – өз ісінің шебері болу, кәсібін жан-жақты игерген, жоғары қабілетті, заманауи маман атанды меңзейді. Ал заманауилық – қоғамның дамып алға жылжуымен байланысты жахандық жаңалыққа бейімделу. Соны игеріп, тәжірибесінде қолдану арқылы жетістікке жетумен байланыстырылады.



Бағла БАЛМАШЕВА,
Арқалық политехникадық колледжі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Білімді болудың ауқымы өте кең. Білімділік арқылы өзге шет мемлекеттермен иық тіресіп, жаңашылдыққа ұмтылып, ғылыми жаңалықтар ашып, мемлекеттің мәртебесіне де зор

үлес қосу ісі – алдымыздағы кезекті міндеттер қатарынан. Ал оларды жүзеге асыруда рухани жаңғыру – білім саласының жаңа көкжиегі екені сөзсіз.

Келесі кезекте, Елбасының рухани жаңғыру мәселесін келешек үшін маңызды міндет етіп қойғанына тоқталайық. «Рухани жаңғыру» сөзін күнделікті естіп жүргенмен, оның түп-төркініне терең бойлай бермейтін азаматтар кездесіп жатады. Ол – халқымыздың келешегі үшін ұлттық өнерді, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, ұлттық спортты және ежелден келе жатқан жәдігерлерді жаңғыртуды мақсат етеді. Ауқымы өте кең, келешек үшін аса маңызды мәселелер төңірегін бүгінгі жас ұрпаққа білім беру үрдісінде де жүзеге асыруға болатыны анық.

Саналы көзбен қарасақ, бүгінгі білім беруді ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Себебі, ол – заманауи оқыту процесін жеделдетер, білім беруге өте қолайлы жағдай жасайтын оқытушының басты құралы деп айтуға әбден болады. Аталмыш технологияларды пайдалана отырып, білім беру ісіне шығармашылығыңнан ой қосып, жақсы нәтижелерге жету жолдары сан салалы болып келеді. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті сабақ-

тарында халқымыздың ұлттық ойындарын қолдану арқылы білім алушының ынтасы мен белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады.

Осы тұста, қазақ әдебиеті бойынша сабақтың өткізілу барысын айта кетейін. Сабаққа «Қадір Мырзалиевтің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбын таңдадым. Онда ақынның өмір жолы туралы білім бере отырып, отаншылдық тақырыбындағы шығармасының маңыздылығына тоқталу, ақын шығармаларын оқыта отырып, жас ұрпақты өз Отанын сүйіп, адамгершілікке тәрбиелеу көзделді.

Сабақ барысында слайд, бейнефильм көрсетіліп, баяндау, сұрақ-жауап және топтастыру әдістері қолданылды. Сонымен қатар, оқушылармен «Сақина салмақ» және «Қоржын той» ойындары ойналып, тақтада арнайы ұяшықтардан шыққан сұрақтарға жауап берді. Артынша, сабақтан алған білімді бекіту үшін ортаға әр топтан бес білім алушы кезек-кезек шақырылып, жалпы ұпай сандары есептеліп, жеңімпаз топ анықталады. Осылайша, қазақ әдебиеті сабағында рухани жаңғыруға байланысты бірқатар мәселелерді көтеруге болады.